



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

25.05.2018

Костанай қаласы

№

183

қоры Костанай

**Оңалту басқарушыны  
шеттету туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағы 3-тармақшасына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес, 2018 жылғы 18 мамырдағы (041240014948 БСН) "Жаңа - Тұрмыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оңалту басқарушы Айгуль Кайргельдиновна Мустафина кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты "Жаңа - Тұрмыс" ЖШС-нің мүлкін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. А.К. Мустафина үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған оңалту басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Жақанов